Мерейлі жекеменшік балабақшасы

«Бекітемін»
«Мерейлі» жекеменшік балабақша
директоры _____
С.И.Эбиева
«28» тамыз 2023 жыл

2023-2024 оқу жылына арналған «Мерейлі» жекеменшік балабақшасының директоры жанындағы отырыстың жылдық жоспары

№	Отырыс тақырыбы	Өткізілу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жоспар жасақтау, бекіту	жоспар	тамыз	Балабақша директоры С.И.Эбиева
2	Бекітілген жоспар бойынша отырыстар өткізу	бақылау	Жыл бойы	Балабақша директоры С.И.Эбиева
1	1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы) 2.Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы. Таңғы жаттығуды жасалуына бақылау. 3.Тортардың санитарлық жай күйі 4.Балаларды балабақшаға мінез-құлықты қалыптастыруға дағдыландыру жолдары. 5. «Тіл апталығы», «Алтын күз» мерекесі жоспарын құру.	отырыс	Қыркүйек	Балабақша директоры С.И.Эбиева
2	1.Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы.Балқылау. 2.Балабақшада тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасты талқылау. Түсіндіру жұмыстары. 3.Балабақшада топ бөлмелерінің тазалығы мен мерекелерге сай безендірілуіне бақылау	отырыс	Қараша	Балабақша директоры С.И.Эбиева
3	1.Құқықтық оқыту жұмысының барысы. 2.Күн тәртібінің орындалуы.	отырыс	Желтоқсан	Балабақша директоры С.И.Эбиева

	3.Салауатты өмір салтын ұстану жұмыстарына жалпы кеңестер,жоспарлар. 4.Тәуелсіздік мерекесіне арналған іс-шаралардың өткізілетіндігі туралы. 5.Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру.			
4	1.Балабақшадағы серуендер жұмысын бақылаудың жұмысы. 2. 8 Наурыз, Наурыз мерекелерінің сценарилерін бекіту. 3. «Коммуникация» білім беру дағдысы бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейі.	отырыс	наурыз	Балабақша директоры С.И.Эбиева
5.	1. Наурыз мерекесінің қорытындыс. 2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар. 3. Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау.	отырыс	сәуір	Балабақша директоры С.И.Эбиева

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №1 хаттамасы

11.09.2023 ж

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет
Төраға: директор Эбиева С.И.
Хатшы: Қылышбаева Қ.О.
Қатысқандар: директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы)
2.Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы. Таңғы жаттығуды жасалуына бақылау.
3.Топтардың санитарлық жай күйі.
4.Балаларды балабақшадағы мінез-құлықты қалыптастыруға дағдыландыру жолдары.
5.«Тіл апталығы», «Алтын күз» мерекесі жоспарын бекіту.

Күн тәртібі бойынша директор жаңа оқу жылы қарсаңында жүргізілген шолу тексеруінің қортындысымен таныстырды. Тексеру барысында барлық топтардың оқу-тәрбие үрдісіне дайындығы, пәндік-дамытушы ортаның жабдықталуы, оқу құралдарының толықтығы, қауіпсіздік талаптарының сақталуы және құжаттамалардың жүргізілуі қарастырылды.

Тексеру нәтижежінде «Балапан», «Балдырған», «Құлыншақ» топтарының жаңа оқу жылына жалпы дайын екендігі анықталды. Топ бөлмелері безендіріліп, оқу орталықтары ұйымдастырылған, көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар толықтырылған. Сонымен қатар кейбір көрнекі құралдарды жаңарту және дамытушы ортаны толықтыру бойынша ұсыныстар берілді.

Екінші мәселе бойынша медбике балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы және таңғы жаттығудың жүргізілуіне жасалған бақылау қортындысын баяндады.

Балалардың тамақтануы бекітілген ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылып, санитариялық талаптар сақталатыны айтылды. Асқабылдау кезінде мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыруға көңіл бөлетіні атап өтілді.

Таңғы жаттығулар барлық топтарда күн сайын өткізіліп, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылатыны анықталды. Жаттығулар балалардың денсаулығын нығайтуға жіне қимыл белсенділігін арттыруға бағытталған.

Үшінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі топтардың санитариялық жай-күйі туралы ақпарат берді.

Тексеру барысында топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, жарықтандырылуы, жиһаздардың қауіпсіздігі, ойыншықтардың тазалығы және санитариялық-гигеналық талаптардың сақталуы қарастырылды. Барлық топтарды күнделікті ылғалды тазалау жұмыстары уақытылы жүргізілетіні және санитариялық талаптардың сақталатыны анықталды.

Төртінші мәселе бойынша директор балаларды балабақшадағы мінез-құлық мәдениетіне дағдыландыру бағытындағы жұмыстар туралы баяндады.

Балалардың бір-бірімен және ересектермен сыпайы қарым-қатынас жасауы, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтауы, ойын кезінде өзара сыйластық таныту және мәдени-гигеналық дағдыларды меңгеруі бойынша жұмыстардың жүйелі жүргізіліп жатқаны айтылды. Педагогтердің әңгімелесуі, көркем әдебиет оқу, жағдаяттық ойындар және күнделікті тәрбие жұмыстары арқылы балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлетіні атап өтілді.

Бесінші мәселе бойынша директор «Тіл апталығы» және «Алтын күз» мерекесінің жоспарын таныстырды.

Апталық барысында тіл дамытуға бағытталған ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, мәнерлеп оқу байқаулары, көркем сөз оқу, танымдық ойындар өткізу жоспарланғаны айтылды.

«Алтын күз» мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары таныстырылып, әр жас тобының ерекшелігіне сәйкес мерекелік бағдарламалар, көрмелер, шығармашылық жұмыстар және ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылатын іс-шаралар бекітуге ұсынылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, директор жанындағы отырыс төмендегідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.Жүргізілген шолу тексеруінің қортындысы негізінде «Балапан», «Балдырған», «Құлыншақ» топтарының жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.

2.Барлық топтарда балаларды тамақтандыруды санитариялық талаптарға және бекітілген ас мәзіріне сәйкес ұйымдастыру, тамақтану мәдениетіне қалыптастыру жұмыстары жүйелі жалғастырылсын.

3.Таңғы жаттығулардың күнделікті сапалы өткізілуі, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстар тұрақты бақылауға алынсын.

4.Топтардың санитариялық жай-күйін талапқа сай сақтау, күнделікті ылғалды тазалау, желдету, дезинфекциялау жұмыстарын уақытылы жүргізу қамтамасыз етілсін.

5.Балалардың балабақшадағы мінез-құлық мәдениетін, қарым-қатынас әдебін және мәдени-гигеналық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

6.«Тіл апталығы» мен «Алтын күз» мерекесінің жоспарлары бекітіліп, іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылуы қамтамассыз етілсін.

7.Барлық педагогтерге жоспарланған жұмыстардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету және орындалу барысы туралы белгіленген мерзімде директорға ақпарат ұсыну тапсырылсын.

8.Осы шешімнің орындалуын бақылау балабақша директоры Эбиева С.И. өзіне қалырсын.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №2 хаттамасы

09.10.2023 ж

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет
Төраға: директор Эбиева С.И.
Хатшы: Қылышбаева Қ.О.
Қатысқандар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.Күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы бақылау.

2.Балабақшада тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасты талқылау. Түсіндіру жұмыстары.

3.Балабақшада топ бөлмелерінің тазалығы мен мерекелерге сай безендірілуін бақылау.

Бірінші мәселе бойынша директор күн тәртібінің сақталуы және серуеннің дұрыс ұйымдастырылуы бойынша жүргізілген бақылау қорытындысымен таныстырды. Бақылау барысында барлық топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуы, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің уақытылы өткізілуі, балалардың таза ауаға уақытылы шығарылуы және серуеннің мазмұнды ұйымдастырылуы қарастырылды.

Тексеру нәтижесінде «Балапан», «Балдырған», «Құлыншақ» топтарында тәртібі сақталатыны анықталды. Серуен кезінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қимылды ойындар, бақылау, еңбек әрекеттері және еркін ойындар ұйымдастырылып, қауіпсіздік талаптарының сақталуына ерекше назар аударылатыны айтылды. Сонымен қатар серуен барысында балалардың танымдық белсенділігін арттыратын бақылау жұмыстарын көбейту ұсынылды.

Екінші міселе бойынша директор балабақшада тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы баяндама жасады. иБаяндама барысында педагогтердің тәрбиеленушілермен ізгілікке негізделген қарым-қатынас орнатуы, балалардың пікірін тыңдауы, олардың жеке ерекшеліктерін ескеруі және қолайлы психологиялық ахуалы қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Сонымен қатар балалармен қатым-қатынас кезінде педагогикалық әдепті сақтау, дауыс ырғағын дұрыс қолдану, көтермелеу әдістерін тиімді пайдалану, балалардың құқықтарын құрметтеу және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Үшінші мәселе бойынша директор мен медбике топ бөлмелерінің тазалығы және мерекелерге сай безендірілуіне жүргізілген бақылау қорытындысын таныстырды.

Бақылау барысында барлық топ бөлмелерінде санитариялық-гигеналық талаптардың сақталатыны, күнделікті ылғалды тазалау және желдету жұмыстарының уақытылы жүргізілетіні анықталды. Сонымен қатар топтардың «Алтын күз» мерекесіне сәйкес эстетикалық талаптарға сай безендірілгені, көрме бұрыштары мен шығармашылық жұмыстардың талапқа сай рәсімделгені атап өтілді. Кейбір топтарға көрнекіліктерді маусым ерекшелігіне қарай жаңартып отыру ұсынылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, директор жанындағы отырыс төмендегідей ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1.Барлық топтарда күн тәртібінің сақталуы және серуеннің талапқа сай ұйымдастырылуы тұрақты бақылауда ұсталсын.

2. Серуен кезіндн балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қимылды, танымдық және еңбек әрекеттерінің мазмұны жетілдіріліп, қауіпсіздік талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін.

3.Педагогтердің тәрбиеленушілерімен қарым-қатынасында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, балалардың құқықтары мен жеке ерекшеліктерін құрметтеу және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру жұмыстары жүйлі жалғастырылсын.

4.Балалардың адамгершілік қасиеттері мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстары күшейтілсін.

5.Барлық топтарда санитариялық-гигеналық талаптардың сақталуы, топ бөлмелерінің тазалығы мен қауіпсіздігі тұрақты бақылауға алынсын.

6.Топ бөлмелері мерекелер мен ижыл мезгілдеріне сәйкес эстетикалық талаптарға сай безендіріліп, дамытушы ортаны жүйелі түрде жаңарту жалғастырылсын.

7.Қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша жауапты тұлғалар ай сайын директорға ақпарат ұсынып отырсын.

8.Осы шешімнің орындалуын бақылау балабақша директоры Эбиева С.И. өзіне қалдырсын.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №3 хаттамасы

11.12.2023 ж

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет
Төраға: директор Эбиева С.И.
Хатшы: Қылышбаева Қ.О.
Қатысқандар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.Құқықтық оқыту жұмысының барысы.
2.Күн тәртібінің орындалуы.
3.Салауатты өмір салтын ұстану жұмыстарына жалпы кеңестер, жоспарлар.
4.Тәуелсіздік мерекесіне арналған іс-шаралардың өткізілгендігі туралы.
5.Жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру.

Бірінші мәселе бойынша директор балабақшадағы құқықтық оқыту жұмысының барысы туралы баяндады. Балалардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында өткізілген тәрбие сағаттары, әңгімелер, сюжеттік-рөлдік ойындар және көркем әдебиеттерді пайдалану арқылы жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар педагогтердің Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес балалардың құқықтарын қорғау, қауіпсіз орта қалыптастыру және ата-аналармен құқықтық ағарту жұмыстарын жүйелі жүргізіп отырғаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша директор күн тәртібінің орындалуына жүргізілген бақылау қорытындысын таныстырды. Бақылау барысында барлық топтарда күн тәртібінің талапқа сай сақталатыны, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің уақытылы өткізілуі, балалардың демалысы, тамақтануы,серуені және ұйқы уақыты белгіленген кестеге сәйкес ұйымдастырылатыны анықталды. Сонымен қатар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібін сақтаудың олардың денсаулығы мен жан-жақты дамуына оң әсер ететіні атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша медбике салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндама жасады. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таңғы жаттығулар, сергіту сәттері, дене шынықтыру сабақтары, шынықтыру шаралары және таза ауадағы қимылды ойындардың жүйелі өткізілетіні айтылды. Сонымен қатар педагогтерге салауатты өмір салтын насихаттау бойынша әдістемелік кеңестер беріліп, алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспары таныстырылды.

Төртінші мәселе бойынша директор Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралардың өткізілуі туралы есеп берді. Барлық топтарда мерекеге арналған танымдық әңгімелер, көркем әдебиет оқу, патриоттық әндер мен тақпақтар, сурет көрмелері әне шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылғаны айтылды. Өткізілген іс-шаралар арқылы балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сзімін қалыптастыруға қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінгені атап өтілді.

Бесінші мәселе бойынша директор жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау және ұйымдастыру жұмыстары туралы ақпарат берді. Әр топтың мерекелік сценарийлері дайындалып, рөлдер бөлінгені, музыкалық нөмірлері мен билердің дайындалып жатқаны айтылды. Сонымен қатар мерекелік залды безендіру, қауіпсіздік талаптарын сақтау, балалардың мерекелік киімдерін дайындау жіне ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, директор жанындағы отырыс төмендегідей ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1.Балабақшадағы құқықтық оқыту жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі түрде жалғастырылсын.

2.Балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда ұсталсын.

3.Барлық топтарда күн тәртібінің орындалуы қатаң сақталып, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің уақытылы өткізілуі қамтамасыз етілсін.

4.Салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар, шынықтыру жұмыстары және денсаулық сақтау технологиялары жүйелі түрде жалғастырылсын.

5.Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралардың тәрбиелік маңызы ескеріліп, патриоттық тәрбие беру жұмыстары одан әрі жетілдірілсін.

6.Жаңа жылдық ертеңгіліктердің сценарийлері бекітіліп, мерекелік іс-шараларды қауіпсіздік талаптарына сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.

7.Барлық педагогтерге жоспарланған жұмыстардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету және орындалу нәтижесі бойынша директорға ақпарат беру тапсырылсын.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №4 хаттамасы

12.02.2024 ж

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет
Төраға: директор Эбиева С.И.
Хатшы: Қылышбаева Қ.О.
Қатысқандар:директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.Балабақшадағы серуендер жұмысын бақылаудың қорытындысы.
2.8 наурыз және Наурыз мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
3.«Коммуникация» білім беру дағдысы бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейі.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша директор балабақшадағы серуен жұмыстарын бақылау қорытындысымен таныстырды. Бақылау барысында барлық жас топтарында серуеннің күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылуы, балалардың таза ауада қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстардың жүргізілуі, қауәпсәздәк талаптарының сақталуы қарастырылды.

Тексеру нәтижесінде «Балапан», «Балдырған», «Құлыншақ» топтарында серуен жұмыстары жүйелі ұйымдастырылатыны анықталды. Серуен кезінде қимылды ойындар, бақылау жұмыстары, еңбек әрекеттері және балалардың еркін ойындары ұйымдастырылып, олардың жас ерекшеліктеріне сай жүргізілетіні айтылды. Педагогтер балалардың денсаулығын нығайтуға, табиғатты бақылау арқылы танымдық қызығушылығын арттыруға және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көңіл бөлетіні атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша директор 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні және Наурыз мерекелеріне арналған іс-шаралардың сценарийлерін таныстырды.

Мерекелік іс-шаралардың мақсаты-балаларға мерекелердің маңызын түсіндіру, аналарға, әжелерге деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Әр топтың жас ерекшеліктеріне сәйкес дайындалған сценарийлер қарастырылып, мерекелік тақпақтар, әндер, билер, ойындар және шығармашылық жұмыстар енгізілгені айтылды. Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларда ұлттық салт-дәстүрлерді таныстыру, ұлттық ойындар ұйымдастыру және балалардың қазақ халқының мәдени мұрасына қызығушылығын арттыру бағыттары қамтылған.

Ұсынылған сценарийлер талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша директор «Коммуникация» білім беру дағдысы бойынша инновациялық технологияларды қолдану деңгейі туралы баяндады.

Баяндама барысында педагогтердің балалардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, еркін қарым-қатынас жасау қабілеттерін қалыптастыру бағытында заманауи әдіс-тәсілдерді қолданып жүргені айтылды.

Педагогтер оқу қызметінде ойын технологияларын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, шығармашылық тапсырмаларды, мнемотехника әдістерін, диалогтік оқыту тәсілдерін және дамытушы ойындарды тиімді пайдаланатыны атап өтілді.

Инновациялық технологияларды қолдану балалардың өз ойын еркін жеткізуіне, тыңдау және сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге оң әсер ететіні айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, директор жанындағы отырыс төмендегідей ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1.Балабақшадағы серуен жұмыстарын ұйымдастыру барысында күн тәртібінің сақталуы, балалардың қауіпсіздігі және қимыл белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастрылсын.

2.Серуен кезінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қимылды ойындар,бақылау және еңбек әрекеттерін ұйымдастыру сапасы жетілдірілсін.

3.8-наурыз және Наурыз мерекелеріне арналған сценарийлер бекітіліп, мерекелік іс-шцаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.

4. Мерекелік іс-шаралар барысында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және ұлттық құндылықтарды насихаттауға көңіл бөлінсін.

5.«Коммуникация» білім беру дағдысы бойынша инновациялық технологияларды қолдану жұмыстары жалғастырылсын.

6.Педагогтерге балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру мақсатында заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану ұсынылсын.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**

«Мерейлі» жекеменшік балабақшасы

Директор жанындағы отырыстың №5 хаттамасы

15.04.2024 ж

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет
Төраға: директор Эбиева С.И.
Хатшы: Қылышбаева Қ.О
Қатысқандар: директор, медбике, «Балапан» кіші тобының, «Балдырған» ортаңғы тобының, «Құлыншақ» ересек тобының, педагогтері.

Күн тәртібінде:

1.Наурыз мерекесінің қорытындысы.
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар.
3.Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау.

Бірінші мәселе бойынша директор Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралардың қорытындысы туралы баяндады.

Баяндама барысында балабақшада Наурыз мерекесіне орай өткізілген іс-шаралардың мазмұны мен ұйымдастырылу деңгейі талқыланды. Барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мерекелік бағдарламалар дайындалып, ұлттық салт-дәстүрлерді таныстыруға бағытталған жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Мерекелік шаралар барысында балалар ұлттық ойындарға қатысып, әндер орындап, тақпақтар айтып, қазақ халқының дәстүрлері мен мәдени құндылықтары туралы түсініктерін кеңейтті. Педагогтер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыруға және ұлттық мұраға қызығушылығын арттыруға көңіл бөлді.

Наурыз мерекесінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны, ата-аналардың да белсенді қатысқаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша директор көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар туралы ақпарат берді.

Көктем мезгіліне байланысты балабақша ауласын абаттандыру, тазалық жұмыстарын жүргізу, ойын алаңдарын ретке келтіру, гүл егуге дайындық жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Учаскелердегі құмсалғыштар, ойын құралдары, орындықтар мен серуен алаңдарының қауіпсіздігі тексеріліп, балалардың таза ауада қауіпсіз әрі қолайлы жағдайда ойнауына жағдай жасау қажеттілігі айтылды. Көктемгі санитарлық тазалық жұмыстарын жүйелі жүргізу, жасыл желектерді күтіп-баптау және аумақтың көрнектілігін арттыру бойынша міндеттер белгіленді.

Үшінші мәселе бо ойынша директор топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау қорытындысымен таныстырды.

Бақылау барысында педагогтердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруы, күнделікті жоспарларының жүргізілуі, оқу қызметіне қажетті құралдардың дайындалуы, дамытушы ортаның ұйымдастырылуы және балалардың белсенді қатысу деңгейі қарастырылды.

Тексеру нәтижесінде барлық топтарда педагогикалық процесс талапқа сай ұйымдастырылатыны анықталды. Педагогтер оқу қызметін балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарлап, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Оқу қызметіне қажетті көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар алдын ала дайындалып, балалардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар педагогтерге оқу қызметінде заманауи әдістерді тиімді пайдалану, балалардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әр баланың жеке ерекшелігін ескеру бойынша ұсыныстар берілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе, директор жанындағы отырыс төмендегідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралардың қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.

2.Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған мерекелік іс-шаралар жалғастырылсын.

3.Көктем мезгіліндегі учаскені абаттандыру, тазалық және көгалдандыру жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.

4.Ойын алаңдарының қауіпсіздігі, санитарлық жағдайы тұрақты бақылауда ұсталсын.

5.Топтардағы педагогикалық процесті ұйымдастыру және оқу қызметіне дайындық жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

6.Педагогтерге оқу қызметінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, балалардың белсенділігін арттыру және дамытушы ортаны жетілдіру ұсынылсын.

Төраға: **Эбиева С.И.**

Хатшы: **Қылышбаева Қ.О.**